

## АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

**Елдос  
ЖҰМАҒҰЛОВ\***

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
постдокторанты-ғылыми қызметкері, Қарағанды, Қазақстан,  
[eldos.tzh@mail.ru](mailto:eldos.tzh@mail.ru) ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0147-3462>

**Алмаз  
АРЗЫҚҰЛОВ**

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер  
институтының Медиажобалар бөлімі басшысының орынбасары,  
Астана, Қазақстан, [almas\\_a@kisi.kz](mailto:almas_a@kisi.kz), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2837-355X>

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 28/02/2023

DOI: 10.52123/1994-2370-2023-1030

ӨЖ 342.53

FTAXTK 11.15.77

**Аңдатпа.** Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, аумақтардың дамуы мен әл-ауқаты көбінесе елдегі жергілікті өзін-өзі басқару институтының жұмысына, оның жергілікті мәселелерді шешудегі дербестігіне байланысты. Зерттеудің мақсаты - Қазақстандағы ауылдық аумақтарында жергілікті өзін-өзі басқару институтын тиімді дамытуды қиындататын негізгі проблемалардың мәнін ашу. Зерттеудің теориялық негізі - жергілікті басқару институтының мәні мен құрылымын талдау болып табылады. Авторлар ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың басты проблемасы - дербестіктің болмауы, жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің төмен кірісі және тұрғындардың белсенділігінің төмен деңгейі деген қорытындыға келеді. Осы зерттеудің пәні - ауылдық аумақтардағы жергілікті басқарудың қазіргі ахуалы. Жұмыс Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқарудың даму барысын зерттеуге бағытталған жаңа зерттеу болып табылады. Жүргізілген талдау негізінде ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі бірқатар проблемалар анықталып, оны еңсеру бойынша ұсыныстар жасалған. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: ұсынылған тұжырымдар мен қорытындыларды мемлекеттік органдар осы саланы жетілдіруге бағытталған саясатты әзірлеу кезінде пайдалана алады.

**Түйін сөздер:** ауылдық аумақ, жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті қауымдастық, жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасы.

**Abstract.** World experience shows that the development and well-being of territories largely depends on the work of the institute of local self-government in the country, its independence in solving local problems. The purpose of the study is to reveal the essence of the main problems that hinder the effective development of the institute of local self-government in rural areas of Kazakhstan. The theoretical basis of the research is the analysis of the essence and structure of the institute of local self-government. The authors conclude that the main problem of the development of local self-government in rural areas is the lack of independence, low budget revenues of local self-government and low level of activity of the population. The subject of this study is the current state of local self-government in rural areas. The work is a new study aimed at studying the development of local self-government in the Republic of Kazakhstan. Based on the analysis, a number of problems in the system of local self-government of rural territories have been identified, recommendations for overcoming it have been developed. Practical significance of the study: the presented conclusions and generalizations can be used by government agencies in the development of policies aimed at improving this area.

**Keywords:** rural territory, local self-government, local community, concept of local self-government.

**Аннотация.** Мировой опыт показывает, что развитие и благополучие территорий во многом зависит от работы института местного самоуправления в стране, его самостоятельности в решении местных проблем. Цель исследования - раскрыть сущность основных проблем, затрудняющих эффективное развитие института местного самоуправления на сельских территориях Казахстана. Теоретической основой исследования является анализ сущности и структуры института местного самоуправления. Авторы приходят к выводу, что главной проблемой развития местного самоуправления на сельских территориях является отсутствие самостоятельности, низкие доходы бюджета местного самоуправления и низкий уровень активности населения. Предмет настоящего исследования - современное состояние местного самоуправления на сельских территориях. Работа является новым исследованием, направленным на изучение хода развития местного самоуправления в Республике Казахстан. На основе проведенного анализа выявлен ряд проблем в системе местного самоуправления сельских территорий, выработаны рекомендации по ее преодолению.

\*Хат-хабарларға арналған автор: Е. Жұмағұлов, [eldos.tzh@mail.ru](mailto:eldos.tzh@mail.ru)

Практическая значимость исследования: представленные выводы и обобщения могут быть использованы государственными органами при разработке политики, направленной на совершенствование данной сферы.

**Ключевые слова:** сельская территория, местное самоуправление, местное сообщество, концепция местного самоуправления.

## Кіріспе

Ауылдық аумақтардағы өмір сүру сапасын жақсарту - стратегиялық маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Кейінгі жылдарда ауылдық аумақтарды дамыту бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар іске асуда. Дегенмен, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай әлі де түбегейлі жақсартуды талап етеді, ал ол тұрғындардың белсенді қатысуынсыз және нәтижелі өзін-өзі басқару жүйесін ұйымдастырусыз мүмкін емес. Ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қазіргі ахуалы қандай дәрежеде және оның іске асуында қандай проблемалар бар деген сауал зерттеу жұмысының өзектілігін анықтайды.

Қазіргі кезде ауылдық аумақтарда жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жергілікті мемлекеттік басқару органдары, атап айтқанда әкімдік атқарады. Ауыл әкімін тұрғындардың тікелей сайлауының енгізілуіне қарамастан, оған мемлекеттік міндеттерді де атқару жүктелген. 1985 жылы қабылданған Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы анықтаған жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі қағидаттары тұрғысынан, Жергілікті өзін-өзі басқару дуализмі - жергілікті мемлекеттік органның жергілікті өзін-өзі басқару функциялар қоса атқаруы осы идеяны теріске шығарады.

ҚР Конституциясымен бекітілген халықтың жергілікті өзін-өзі басқаруды тікелей жүзеге асыруы үшін ауылдық аумақтарда жергілікті қоғамдастық жиналыстары мен жиындарын құру көзделген. Бірақ, қазіргі кезде жергілікті қоғамдастықтарда нақты басқару тетіктері жоқ, тек үйлестіру функциялары бар. Ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін кіріс базасының жеткіліксіздігі де, шешілуі қажет түйінді мәселе екені сөзсіз. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық хартия жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз жұмысын орындау үшін қаржылық ресурстарды өз бетінше иелену және басқару құқығын нақты қарастырады (Балабиев, 2014).

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамыту әрекеттеріне қарамастан, оны жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясының қағидаттарына сәйкес қалыптастыру процесі шешілмеген күйінде қалып отыр. «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңда жергілікті өзін-өзі басқару және өзін-өзі басқару мәселелерін анықтайтын аражік жоқ («Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы, 2001). Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолданыстағы жүйесі функцияларды орталықсыздандыруды қажет етеді. Конституцияда бекітілген Жергілікті өзін-өзі басқарудың кепілдіктері егжей-тегжейлі реттеуді және жергілікті қоғамдастыққа жергілікті мәселелерді шешуде көбірек дербестік беруді талап етеді. Бүгінгі күнге дейін анықталған өкілеттіктер жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің өз әлеуетін ашуға мүмкіндік бермейді.

## Материалдар және әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі - индукция және дедукция принциптерін қамтитын танымның жалпы ғылыми диалектикалық әдістері болды. Заманауи құрылымдық функционализмнің жүйелі тәсілі мен әдісіне сүйене отырып, авторлар ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқарудың ахуалын қарастырады. Зерттеудің эмпирикалық негізі - әртүрлі сипаттағы ресми құжаттар, жергілікті қауымдастық өкілдерімен өткізілген әлеуметтік сауалнамалар және эксперттік сұхбаттар.

Зерттеудің теориялық негізін Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелерінің мәнін ашатын жергілікті өзін-өзі басқару зерттеу саласындағы ғылыми жұмыстар құрайды. Зерттеу Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың тұжырымдамасына, сондай-ақ тікелей аймақтық саясаттың негізгі бағыттарына сүйенеді.

Зерттеудің нормативтік базасы: халықаралық-құқықтық актілер, Қазақстан Конституциясы және құқықтық-нормативтік актілері болып табылады.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Бірінші кезеңде - жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруға бағытталған нормативтік-құқықтық актілерге, олардың орындалу барысына талдау жасалды;

2. Екінші кезеңде - ауылдық аумақтарда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың проблемаларын анықтау үшін әлеуметтік сауалнама және эксперттік сұхбат жүргізілді, нәтижелер өңделді.

3. Үшінші кезеңде - теориялық және тәжірибелік нәтижелер қорытындыланып, тұжырымдар әзірленді.

### Нәтижелер және талқылау

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін анықтайтын негізгі аспект - оған тұрғындардың қатысу деңгейі. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары - азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асырудың және жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерін шешудің тиімді құралы болып табылады. Аумақтық стратегиялық жоспарларды, жергілікті бюджеттерді, әлеуметтік жоспарларды және т.б. іске асыру нәтижелерін жергілікті жиналыстарда алдын ала талқылау жүзеге асуда (Кемелбеков, 2019). Сонымен бірге жергілікті өзін-өзі басқару тұрғындардың басқару үрдісіне белсенді қатысуын және жергілікті маңызы мәселелерді тиімді жолмен шешуге ықпал етеді. Жергілікті өзін-өзі басқару институтының қызметі әлеуметтік-экономикалық дамуды басқарудың тиімді әдістері мен құралдарын құру және қолдану үшін қайта құрылымдау қажеттігі бар. Қазақстанда 2012-2020 жылдары іске асқан Жергілікті өзін-өзі басқару Тұжырымдамасын іске асыруда шетелдік тәжірибені, әсіресе Польшаның жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру тәжірибесіне көп көңіл бөлінгеніне қарамастан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын реформалау барысында оның тиімді жақтары толық түрде қолданылмады (Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2021).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-

өзі басқару туралы» Заңға азаматтардың өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысу бөлігіне, атап айтқанда жергілікті қоғамдастық жиналыстары мен жиындарының тәртібі мен өкілеттіктерін реттеуге, бюджеттің пайдаланылуын бақылау құқығына, мүлікке билік етуді келісуге, жергілікті қоғамдастықта талқылауға, әкім лауазымын босату туралы мәселеге бастамашылық жасауға қатысты өзгерістер енгізілді («Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы, 2001). Ауыл әкімін тұрғындар тікелей сайлайтын болды. Жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыру мақсатында жергілікті бюджетті енгізу арқылы қаржылық автономияны кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілді.

2021 жылы Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдаманың мақсаты - жергілікті өзін-өзі басқару қызметінің заңнамалық базасын құруға, билікті орталықсыздандыруға қадам жасау, жергілікті мәселелерді шешуде азаматтардың рөлін арттыру, тікелей қатысу үшін жағдай қалыптастыру.

Жаңа тұжырымдаманы іске асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізу көзделген:

- 2023 жылы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңның қабылдануы;

- ауылдық округ әкімдерін жергілікті тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы 2022-2025 жылдар ішінде қайта сайлау;

- 2024 жылдан бастап барлық ауылдық округтерде өкілді органның – Кеңестердің жұмыс істеуі;

- 2025 жылға қарай жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарын құру;

- 3,5 мың ауылдық елді мекендердегі инфрақұрылымды өңірлік стандарттардың параметрлеріне дейін жеткізу (Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2021)

Тұжырымдама жоба күйінде талқыланып кезде «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығы осыған байланысты SWOT талдау әзірлеген болатын (SWOT-

анализ проекта Концепции развития местного самоуправления в Республике Казахстан до 2030 года, 2021). Сол зерттеуді толықтыра отырып, қазіргі кезде

іске асырылу үстіндегі тұжырымдаманы талдауды келесі суретте (сурет 1) қарастырамыз.



**Сурет 1 – Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының ауылдық аумақтарда іске асу барысын SWOT талдау**

Тұжырымдамада көрсетілгендей, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту халықтың азаматтық-саяси мәдениеті деңгейін арттыруды талап етеді. Осы мақсатта үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін тиімді пайдалану ұсынылады. Кейс ретінде «Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту қорының» табысты тәжірибесін қарастыруға болады. Бұл қор Шығыс Қазақстан, Абай, Ақмола облыстарында тиімді жобалар іске асыруда (Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту қоры, 2023). Бизнес пен азаматтық қоғамның қатысуын көздейтін осы бағыттағы жобаларды кеңейту аса маңызды.

Сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару үшін интернет-ресурсын құру көзделген, онда ауылды дамыту жоспарлары, бюджет кірістері туралы ақпарат, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдері және басқа да ақпарат жариялануы жоспарланған. Интернет-ресурс жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттесуіне, азаматтық бастамаларға шолу жасауға және т.б. маңызды мәселелерді талдауға арналған алаң болады деп жоспарлануда. Қазіргі жағдайда бұл ресурстардың жұмысы әзірге ұйымдастырылған жоқ. Ал

осы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі туралы ақпарат алуға қажеттілік айқын сезіледі. Ондағы ақпарат әрқашан өзекті, қарапайым және барлық азаматтар үшін түсінікті болуы маңызды. Осы ресурста аумақты дамыту бойынша азаматтық жобалар конкурсын жариялап және оны талқылауды ұйымдастырған жөн. Тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін қоғамдық кеңістіктерді (саябақтар, алаңдар, спорт және ойын алаңдары және басқа да нысандар) көгалдандыру, құру, жөндеу және жарықтандыру бойынша ең жақсы жобалар ауылдық округтер бюджетінің шектеулігіне байланысты аудандық немесе облыстық бюджеттен субсидия арқылы қаржыландырылуды көздей отырып жүзеге асырған дұрыс деп ойлаймыз.

Бұдан басқа, қолданыстағы мәдениет үйлерінің базасында ауыл тұрғындарына әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету үшін «қоғамдық орталық» (community center) ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл нысан жергілікті қоғамдастықтың ынтымақтастық орнына айналады деген үміт бар. Сонымен қатар, жастардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуын ынталандыру шаралары қарастырылуы тиіс және оларды кеңінен




тарту бұл органдардың жұмысына жақсы серпін береді.

Сонымен бірге, Тұжырымдамаға сәйкес әзірленіп, Парламент қарауында жатқан «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасында ауылдық өзін-өзі басқарудың жаңа органы - кеңестерге келесідей анықтама беріледі: «*кеңес - халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында жүзеге асырылуын*

*бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы»* («Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы Жобасы, 2023). Ауыл тұрғындары 4 жылға сайлайтын Кеңес жергілікті қауымдастықтың даму жоспарларын, бюджетін, мониторингтік комиссияларды құру, жоғары тұрған әкімге ауыл әкімін тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша ұсыным беру және т.б. міндеттерге ие болады.

Заң жобасында қарастырылғандай, ауыл тұрғындары жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысудың жолдары келесі суретте (сурет-2) көрсетілген.



**Сурет 2 – Ауыл тұрғындарының жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу жолдары**

Осылайша жаңа тұжырымдамаға сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің әлеуетін арттыру бойынша біршама жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, келесі міндеттердің бірі - оны дамыту барысында кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында бірқатар облыстарда, атап айтқанда Павлодар, Абай, Қарағанды, Ақмола облысындағы ауылдық елді мекендерде тұрғындар арасында әлеуметтік сауалнама және жергілікті қауымдастық мүшелері, ауыл әкімдерімен expertтік сұхбат жүргізілді. Әлеуметтік сауалнамаға аталған облыстардың ауылдық елді-мекендерден 321 тұрғын қатысты. «Сіз жиналыстарға, жиындарға қатысасыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 44 % «иә», 56 % «жоқ» деп жауап берді. Ең белсенді қатысатын зейнет жасындағы тұрғындар мен бюджеттік мекеме қызметкерлері, олар тиісінше «иә» деп жауап бергендердің ішінде 75 % және 68 % құрайды.

Сауалнамаға қатысқан тұрғындардың 56 %-ы жиналыстар мен жиындарға қатыспайды. Тұрғындар жиналыстарға қатыспаудың негізгі себебін 89 % мұны «мен жиналыстарға қатыспаймын, олар нәтиже бермейді» деп түсіндіреді.

Expertтік сұхбатқа 12 жергілікті қауымдастық өкілдері мен ауылдық округтер әкімдері қатысты. Оларға ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі ахуалы және туындайтын проблемаларға қатысты сұрақтар қойылды.

Жалпы зерттеу нәтижелері жергілікті өзін өзі басқаруға қатысты келесі проблемалардың бар екендігін көрсетеді:

- тұрғындардың жергілікті жиындар мен жиналыстарға қатысу белсенділігі біркелкі емес. Жергілікті жиындар мен жиналыстарға қызығушылықтың төмен болуы өзгерістердің өз қолдарынан келетініне сенімнің төмен деңгейімен түсіндіруге болады;

- ауылдық аумақтар бюджетінің көп бөлігі аудандық немесе облыстық бюджетке тәуелді болуы. Елді мекендердің өз бюджетінде кіріс бөлігінің мардымсыздығы. Ауылдық бюджеттер аудандық бюджетке тәуелді және бөлінетін трансферттер тұрақты емес;

- тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу үшін құқықтық, қаржылық сауаттылығын жоғарылатуды қажет етеді. Эксперттердің пікірінше, жергілікті жиындар мен жиналысқа қатысатын тұрғындардың біраз бөлігінің жергілікті мәселелерді шешу бойынша құқықтық сауаты және жергілікті бюджетті талқылау бойынша қаржылық білімдері жетіспейді;

- ауыл тұрғындары тарапынан жергілікті мәселелерді шешуде патерналистік көзқарас басым. Жергілікті қауымдастық өкілдерінің пікірінше, ауылдың барлық проблемасын әкімдік шешіп беруге тиіс деген пікір жиі кездеседі. Тұрғындар тарапынан бастамалар аздау;

- 2024 жылы құрылуы көзделген жергілікті Кеңестер, оның төрағасының мәртебесі нақтылауды қажет етеді, олардың ауыл әкімімен өзара қарым-қатынасы, қаржылық қамтамасыз ету мәселесі әзірше нақтыланбаған.

### Қорытынды

Жүргізілген реформаларға қарамастан ауылдық аумақтарда жергілікті өзін-өзі басқару тиісті дәрежеде дамып отырған жоқ. Ауыл тұрғындарының көпшілігі ауылдық әкімдікпен бірлесіп жұмыс істеуге құлықсыз, жергілікті қауымдастық жиналыстары мен жиындарына қатысу деңгейі төмен. Тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатысуына кедергі болатын себептер: жергілікті мәселелерді талқылауда өздерінің ролін түсінбеу, қабылданатын шешімдерге ықпал етудің мүмкіндігіне сенбеу, керенаулық, дайын нәрсеге үміттену әдеті және немқұрайдылық деп санауға болады. Басқа да зерттеушілер пікірі осы ойды бекіте түседі (*Kommunalpolitik problemorientiert - eine Handreichung für Akteure in Verwaltung und Politik*, 2020).

Аумақтық өзін-өзі басқару органдарының жергілікті мәселелерді

шешуде қаржылық мүмкіндіктерін барынша кеңейту бойынша және экономикалық дербестікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу қажеттігі бар. Сонымен бірге жергілікті бюджетке берілетін субсидиялар көлемін ұлғайту және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету өте маңызды.

Осы тұжырымдарға негізделе отырып ауылдық аумақтарда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін келесі ұсыныстар жасалады:

- **біріншіден**, жаңадан әзірленіп жатқан «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасында, жергілікті Кеңес мен Әкімнің міндеттерін нақтылау және ажырату.

- **екіншіден**, жергілікті өзін-өзі басқаруға тұрғындардың қатысу белсенділігін және жауапкершілігін арттыруға бағытталған, жергілікті қоғамдастық өкілдерінің экономикалық және қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру. Оған үкіметтік емес ұйымдарды кеңінен тарту. Осы бағытта әлеуметтік тапсырыстар мен гранттар санын ұлғайту.

- **үшіншіден**, тиімді жұмыс істейтін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысын насихаттау, бір-бірімен өзара тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін қарастыру.

- **төртіншіден**, ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік жобаларды әзірлегенде жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен кеңінен талқылау. Осы мақсатта әлеуметтік сауалнамалар, фокус-топтар ұйымдастыру.

- **бесіншіден**, ауылдық аумақтардың бюджетіне бөлінетін қаржылық қолдау мөлшерін ұлғайту және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджеттік орталықсыздандыруды кеңейту.

Осы ұсыныстардың іске асуы ауылдық аумақтардағы жергілікті өзін-өзі басқарудың әлеуетін жоғарылатуға ықпал етеді деген сенімдеміз.

### Зерттеуді қаржыландыру көзі

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (№ API5473302 гранты).

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. European Charter of Local Self-Government (1985). [www.coe.int<https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list?module=treaty-detail&treatynum=122/>](https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list?module=treaty-detail&treatynum=122/) қаралған күні: 18.01.2023.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995). А.: Норма-К, 2022.
3. Balabiev, K.R. (2014). Issues of development of local self-government in the Republic of Kazakhstan and the role of foreign experience in its improvement. *Austrian Journal of Humanities and Social Sciences*, 1-2, 181-189.
4. «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР-ның 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_/history](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_/history) қаралған күні: 18.01.2023.
5. Kemelbekov, A.F. (2019). Peculiarities of the development of the institute of local self-government in the Republic of Kazakhstan. *Education and Law*, 12, 263-266.
6. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> қаралған күні: 19.01.2023.
7. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы №639 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639> қаралған күні: 23.01.2023.
8. SWOT-анализ проекта Концепции развития местного самоуправления в Республике Казахстан до 2030 года (2021), Центр актуальных исследований «Альтернатива». <http://www.alternativakz.com/index.php?nid=454> қаралған күні: 25.01.2023.
9. Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту қоры (2023) <https://en.furst.kz/> қаралған күні: 25.01.2023.
10. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы Жобасы. [http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h2717GzHzHm7GEZFHjvJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX\\_9yTh1A](http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h2717GzHzHm7GEZFHjvJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX_9yTh1A) қаралған күні: 16.01.2023.
11. Kommunalpolitik problemorientiert - eine Handreichung für Akteure in Verwaltung und Politik» (2020). [https://www.kas.de/documents/266501/0/Publ\\_Kommunalpolitik+problemorientiert+De.pdf/5c916992-64fc-0c39-73af-6dc84198a0bd?version=1.0&t=1601525312335](https://www.kas.de/documents/266501/0/Publ_Kommunalpolitik+problemorientiert+De.pdf/5c916992-64fc-0c39-73af-6dc84198a0bd?version=1.0&t=1601525312335) Accessed 16.01.2023.

## REFERENCES

1. European Charter of Local Self-Government (1985). [www.coe.int<https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list?module=treaty-detail&treatynum=122/>](https://www.coe.int/en/web/conventions/full-list?module=treaty-detail&treatynum=122/) Accessed 18.01.2023.
2. Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy (Constitution of The Republic of Kazakhstan) (1995) A.: Norma-K, 2022. – (In Kazakh).
3. Balabiev, K.R. (2014). Issues of development of local self-government in the Republic of Kazakhstan and the role of foreign experience in its improvement. *Austrian Journal of Humanities and Social Sciences*, 1-2, 181-189.
4. «Qazaqstan Respublikasynyn zhergilikti memlekettik basqaru zhane ozin-ozı basqaru turaly» ҚР-нын 2001 zhylygy 23 qantardagy №148 Zany (Law of the Republic of Kazakhstan dated January 23, 2001 No. 148 «On local public administration and self-government of the Republic of Kazakhstan»). [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148\\_/history](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_/history) Accessed: 18.01.2023. (In Kazakh).
5. Kemelbekov, A.F. (2019). Peculiarities of the development of the institute of local self-government in the Republic of Kazakhstan. *Education and Law*, 12, 263-266.
6. Qazaqstan Respublikasyndagy zhergilikti ozin-ozı basqarudy damytu tuzhyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2012 zhylygy 28 qarashadagy №438 Zharlygy (Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 28, 2012 No. 438 on approval of the concept of development of local self-government in the Republic of Kazakhstan).. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> Accessed 19.01.2023. (In Kazakh).
7. Qazaqstan Respublikasyndagy zhergilikti ozin-ozı basqarudy damytun 2025 zhylyga deiingi tuzhyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2021 zhylygy 18 tamyzdagı №639 Zharlygy (Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated August 18, 2021 No. 639 on approval of the concept for the development of local self-government in the Republic of Kazakhstan until 2025.). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000639> Accessed 19.01.2023. (In Kazakh).
8. SWOT-analiz proekta Kontseptsii razvitiya mestnogo samoupravleniya v Respublike Kazakhstan do 2030 goda. (SWOT analysis of the draft Concept for the development of local self-government in the

Republic of Kazakhstan until 2030.). <<http://www.alternativakz.com/index.php?nid=454>> Accessed 25.01.2023. (In Russian).

9. Head of Sustainable Rural Development Fund. <<https://en.furst.kz/>> Accessed 25.01.2023.

10.«Qazaqstan Respublikasyndagy zhergilikti ozin-ozı basgaru turaly» QR Zany Zhobasy (Draft law of the Republic of Kazakhstan «On local self-government in the Republic of Kazakhstan») <[http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h27I7GzHzHm7GEZFHjvJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX\\_9yTh1A](http://www.parlam.kz/kk/mazhilis/postitem/36/15958?fbclid=IwAR2V07y9h27I7GzHzHm7GEZFHjvJdWZFB4m4jBfFdvWoBQlw0XVX_9yTh1A)> Accessed: 16.01.2023 (In Kazakh).

11.Kommunalpolitik problemorientiert - eine Handreichung für Akteure in Verwaltung und Politik» (2020).

<[https://www.kas.de/documents/266501/0/Publ\\_Kommunalpolitik+problemorientiert+De.pdf/5c916992-64fc-0c39-73af-6dc84198a0bd?version=1.0&t=1601525312335](https://www.kas.de/documents/266501/0/Publ_Kommunalpolitik+problemorientiert+De.pdf/5c916992-64fc-0c39-73af-6dc84198a0bd?version=1.0&t=1601525312335)> Accessed 16.01.2023.

#### МЕСТНОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ В СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЯХ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

**Елдос ЖУМАГУЛОВ**, *постдокторант-научный сотрудник Карагандинского университета имени Е.А.Букетова, г.Караганда, Казахстан, [eldos.tzh@mail.ru](mailto:eldos.tzh@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0147-3462>*

**Алмаз АРЗИКУЛОВ**, *заместитель отдела медиапроектов Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Астана, Казахстан, [almas\\_a@kisi.kz](mailto:almas_a@kisi.kz), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2837-355X>*

#### LOCAL SELF-GOVERNMENT IN RURAL AREAS: PROBLEMS AND PROSPECTS

**Eldos ZHUMAGULOV**, *Postdoctoral researcher at the Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, [eldos.tzh@mail.ru](mailto:eldos.tzh@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0147-3462>*

**Almaz ARZIKULOV**, *Deputy Head of the Media Projects Department of the Kazakhstan Institute of Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [almas\\_a@kisi.kz](mailto:almas_a@kisi.kz), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2837-355X>*